

Келісілді *Н. Мамбет*
«Кәусәр» жеке бөбекжайы
әдіскері: Н.Б.Мәмбетова



**2022–2023 оқу жылында «Кәусәр» жеке бөбекжайы
«Гүлдер», «Ерке» ортаңғы тобының музыка іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі: Қадырова Н.Қ.

Түсінік хат

2022–2023 оқу жылында «Кәусәр» жеке бөбекжайында «Гүлдер», «Ерке» ортаңғы топ балаларының музыкадан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
 - «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы)
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Кәусәр» жеке бөбекжайы

Топ: «Гүлдер», «Ерке» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында таза айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінінартынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Билер: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру сонын ішінде сыбызғы аспабымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; Музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген;
Қазан	музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Әнді барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Билер: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру сонын ішінде металлофон аспабымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды; музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді;
Қараша	музыка	Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен әннің сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. Билер: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен сонын ішінде қоңырау

		аспабымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады;
Желтоқсан	музыка	Музыка тыңдау: Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып әнді орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Билер: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен сонын ішінде сылдырмақ, маракас аспаптарымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды;
Қаңтар	музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру Ән айту: Ересектердің дауысына ілесе отырып олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Денені оңға, солға бұруды, басты оңға, солға июді, қолдарды сермеуді үйрету. Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен сонын ішінде барабан аспаптарымен және солардың дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді);
Ақпан	музыка	Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту: Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, ырғақпен бірге жүру. Билер: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда қарапайым әуендерді ойнауды үйрету. Күтілетін нәтиже: музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады;
Наурыз	музыка	Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне жазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағына ілесе отырып, қарапайым би қимылдарын орындауды аяқтарын қозғауды, айнаруды үйрету. Билер: Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.

		Музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі;
Сәуір	музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту: Ересектердің дауысына ілесе отырып, әннің сөздерін анық айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Билер: Музыканың ырғағына ілесе отырып қарапайым би қимылдарын орындау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Күтілетін нәтиже: билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды;
Мамыр	музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), Ән айту: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Билер: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарының ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.